

Тұтынушылық қарыздар бойынша банктік қарыз келісімшартының үлгілік шарттарындағы өзгерістер

«Нұрбанк» АҚ-ның (бұдан былай «Банк») тұтынушылық қарыздар бойынша Банктік қарыз келісімшартының үлгілік шарттарына, бұдан былай «Шарттар» деп аталатын осы Өзгерістер Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілуіне байланысты әзірленді.

Жеке тұлғаның (бұдан былай «Қарыз алушы») Банктен банктік қарыз (бұдан былай «Қарыз») алуына және Банктік қарыз келісімшартында (бұдан былай «Банктік қарыз келісімшарты») белгіленген тәртіпте қызмет көрсетуге қатысты Қарыз алушы мен Банк арасындағы қарым-қатынас Шарттарға сәйкес реттеледі.

1. Шарттардың 1.6.1.- тармағы өзгертілсін және келесі редакцияда баяндалсын: «1.6.1. Егер жасалған төлем сомасы барлық міндеттемелерді орындауға жеткіліксіз болса, Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша ақшалай міндеттемелерінің орындауы келесі кезектілікпен жүзеге асырылады:

- 1) негізгі қарыз бойынша берешек;
- 2) сыйақы бойынша берешек;
- 3) Шарттардың 1.7-тармағына сәйкес белгіленген мөлшерде тұрақсыздық (айыппұл, өсімақы) төлемі;
- 4) төлемдердің ағымдағы кезеңіндегі негізгі берешек сомасы;
- 5) төлемдердің ағымдағы кезеңінде есептелген сыйақы;
- 5-1) Қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер;
- 6) Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерін орындауын қабылдауға байланысты Банк шығындары.

Кешіктірілген мерзім рет ретімен жүз сексен күнтізбелік күн өткеннен кейін қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша жасаған төлемнің сомасы, егер ол сома қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерін орындауға жеткіліксіз болған жағдайда, қарыз алушының берешектерін өтеу келесі кезектілікпен жүзеге асырылады:

- 1) негізгі қарыз бойынша берешек;
- 2) сыйақы бойынша берешек;
- 3) төлемдердің ағымдағы кезеңіндегі негізгі қарыздың сомасы;
- 4) төлемдердің ағымдағы кезеңінде есептелген сыйақы;
- 5) Шарттардың 1.7-тармағында белгіленген мөлшерде – тұрақсыздық төлемдер (айыппұл, өсімақы);
- 5-1) Қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер;
- 6) Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерін орындауды алу бойынша Банк шығындары.

Бұл ретте негізгі қарыз бойынша берешекке Қарыз бойынша мерзімі кешіктірілген негізгі қарыздың сомасы кіреді. Сыйақы бойынша берешекке Қарыз бойынша негізгі қарызға есептелген мерзімі кешіктірілген сыйақының сомасы, Қарыз бойынша мерзімі кешіктірілген негізгі қарызға есептелген мерзімі кешіктірілген сыйақының сомасы кіреді.».

2. Шарттардың басқа шарттары өзгеріссіз қалады.
3. Шарттарға жасалған өзгерістер жарияланған күннен бастап күшіне енеді.